

Сонымен қатар педагогтер арасында тәжірибе алмасуды күшейту, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату, кәсіби құзыреттілікті тұрақты жетілдіру қажеттігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Әдіскер Адилхан.Ж балабақшаның 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2026–2027 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Үлгілік оқу бағдарламасы және ұйымның бекітілген білім беру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылсын.
2. Педагогтер тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, ойын арқылы оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерін жүйелі қолдансын.
3. Әдістемелік жұмыс барысында педагогтердің кәсіби дамуына, өзара тәжірибе алмасуына және озық тәжірибені таратуға жағдай жасалсын.

2-мәселе бойынша

ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Адилхан.Ж мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын түсіндірді.

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау кезінде балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және жеке мүмкіндіктерін ескеру, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өзара кіріктіру, балалардың дербестігі мен белсенділігін қолдау қажеттігі айтылды.

Қолданыстағы талаптарға сәйкес мектепке дейінгі ұйым тәрбиелеу-білім беру қызметін МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесін қолданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес ұйымдастырсын.
2. Балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, зерттеушілік, физикалық және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
3. Әрбір баланың жеке дамуына қолайлы жағдай жасау негізгі басымдықтардың бірі ретінде белгіленсін.